

DOI: 10.31082/1728-452X-2023-236-4-8-12

ОЭЖ 614.2

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАР ДИНАМИКАСЫН 2019-2023 Ж.Ж. БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Ж.О. МӘУЛЕНОВ, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,М.Е. ЖАНТЕЕВ, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,Н.С. АҚЫМБЕКОВ, <https://orcid.org/0000-0002-2831-4680>

«Қалалық онкологиялық орталық» ШЖҚ МКҚ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Т Ұ Ж Ы Р Ы М

Кіріспе. Әлемдік статистика бойынша онкологиялық аурулар санының күн сайын артып келе жатқандығы белгілі. Өлім деңгейі бойынша да қатерлі ісік салдарынан қайтыс болатындар саны алдыңғы қатарда. Қатерлі ісіктердің бастапқы кезде баяу, білімсіз дамып, айналасындағы тіндерді зардаптайтындығы, алшақ ағзаларға метастаздар беріп, тез асқынатындығы ауруға ем қонбай, өлімге әкелетіндігі де ғылымға мәлім. Аурудан туындайтын өлім деңгейін азайтудың негізгі жолы ол ауруды ерте анықтап, түбегейлі ем жасау.

Мақсаты. Шымкент қаласы бойынша онкологиялық аурулардың статистикалық мәліметтерін алып, көрсеткіштерді жақсарту амалдарын жасау.

Материал және әдістері. Шымкент қалалық онкологиялық орталық бойынша 2019-2023 жылдар аралығында емделген науқастардың өміршеңдік статистикасы мен өлім деңгейі, мобильді бригада жұмыстары сараланған.

Нәтижесі. Мақалада онко науқастарды ерте анықтап, толыққанды көмек көрсету мәселесі қарастырылған.

Талқылауы. Бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да қатерлі ісік ауруы көбейіп келеді. Сәйкесінше паллиативтік көмекті қажет ететін науқастар саны артып келеді. Шымкент қалалық 2023 жылы бірінші жартыжылдықта паллиативтік көмекке мұқтаж ауыр науқастардың саны 150 науқасты құрады. 2023 жылдың 6 айында 150 ауыр онкологиялық науқасқа қызмет көрсету үшін мобильді топтың келу саны 1394 құрады.

Қорытынды. Осы мақаланы талдай келе, Қазақстанда паллиативтік көмекке айтарлықтай көңіл бөлінгеніне қарамастан, оның физикалық қолжетімділігі мәселесі әлі де өзекті болып қала береді деген қорытындыға келуге болады.

Негізгі сөздер: онкология, өлім көрсеткіші, аурушандық, ерте диагностика, радикалды емдеу.

Дәйексөздер үшін: Мәуленов Ж.О., Жантеев М.Е., Ақымбеков Н.С. Шымкент қаласы тұрғындары арасында онкологиялық аурулар динамикасын 2019-2023 ж.ж. бойынша салыстырмалы талқылау және жақсарту іс-шаралары // Медицина (Алматы). 2023;4(236):8-12. doi: 10.31082/1728-452X-2023-236-4-8-12

Р Е З Ю М Е

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА ОНКОПАТОЛОГИИ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ Г. ШЫМКЕНТ ЗА 2019-2023 ГГ. И СПОСОБЫ УЛУЧШЕНИЯ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ

Ж.О. МАУЛЕНОВ, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,М.Е. ЖАНТЕЕВ, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,Н.С. АКИМБЕКОВ, <https://orcid.org/0000-0002-2831-4680>

ГКП на ПХВ "Городской онкологический центр", г. Шымкент, Республика Казахстан

Актуальность. Во всем мире растет количество больных, страдающих злокачественными новообразованиями. В структуре смертности злокачественные новообразования тоже имеют большой удельный вес. Всякая злокачественная опухоль развивается медленно, бессимптомно, но на поздних стадиях прорастает в смежные органы и ткани и даёт отдаленные метастазы, не вызывая при этом болезненных ощущений. Такое трудно диагностируемое в начальных стадиях состояние приводит к частым осложнениям и смерти больных.

Цель исследования. Ранняя диагностика онкопатологии и полноценное радикальное лечение является одним из способов снижения смертности.

Материал и методы. Анализ статистических данных городского онкологического центра г. Шымкент за 2019-2023 гг. и разработка способов ранней диагностики и радикального лечения онкопатологий.

Результаты. Проанализированы данные и результаты оказания полноценной медицинской помощи онкопациентам.

Обсуждение. По всему миру, в том числе и в Казахстане, увеличивается заболеваемость онкопатологией. Соответственно, увеличивается количество пациентов, нуждающихся в паллиативной помощи. Так, по г. Шымкент в первом полугодии 2023 г. количество тяжелых па-

Байланыстар: Мәуленов Жақсылық Оразбайұлы, медицина ғылымдарының магистрі, жоғары санаттағы онколог-дерігер, Қалалық онкология орталығының директоры, Шымкент қ., e-mail: jax_mail@mail.ru

Contacts: Zhaksylyk Maulenov, Master Degree (Medical Sciences), Director of the City Cancer Center, Shymkent, e-mail: jax_mail@mail.ru

Алынған: 27.11.2023

Қабылданды: 20.12.2023

циентов, нуждающихся в паллиативной помощи, составило 150 больных. За 6 месяцев 2023 года для обслуживания 150 тяжелых онкологических пациентов было совершено 1394 выезда мобильной бригады.

Выводы. Проанализировав данную статью, можно сделать заключение, что, несмотря на значительное внимание к паллиативной помощи в Казахстане, вопрос о её физической доступности по-прежнему остается весьма актуальным.

Ключевые слова: онкология, смертность, заболеваемость, ранняя диагностика, радикальное лечение.

Для цитирования: Мауленов Ж.О., Жантеев М.Е., Акимбеков Н.С. Сравнительная динамика онкопатологии среди населения г. Шымкент за 2019-2023 гг. и способы улучшения медицинской помощи // Медицина (Алматы). 2023;4(236):8-12. doi: 10.31082/1728-452X-2023-236-4-8-12

S U M M A R Y

COMPARATIVE DYNAMICS OF ONCOPATHOLOGY AMONG THE POPULATION OF SHYMKENT FOR 2019-2023 AND WAYS TO IMPROVE MEDICAL CARE

ZhO MAULENOV, <https://orcid.org/0000-0002-7471-7587>,

ME ZHANTEYEV, <https://orcid.org/0000-0002-5387-3476>,

NS AKIMBEKOV, <https://orcid.org/0000-0002-2831-4680>

City Cancer Center, Shymkent, Republic of Kazakhstan

Relevance. Among the population around the world, the number of patients suffering from malignant neoplasms is growing. It also has a large share in the mortality structure. Any malignant tumor develops slowly, asymptotically, but in the later stages it grows into adjacent organs and tissues and gives distant metastases, without causing pain. The condition, difficult to diagnose in the initial stages, leads to frequent complications and death of patients.

Target. Early diagnosis of cancer pathology and comprehensive radical treatment is one of the ways to reduce mortality.

Material and methods. Analysis of statistical data from the city oncology center for 2019-2023 and development of methods for early diagnosis and radical treatment.

Results. The data and results of providing comprehensive medical care to cancer patients were analyzed.

Discussion. The incidence of oncopathology is increasing all over the world, including in Kazakhstan. Accordingly, the number of patients in need of palliative care in the Shymkent city is increasing in 2023. In the first half of the year, the number of severe patients in need of palliative care amounted to 150 patients. For 6 months of 2023, the number of mobile team visits amounted to 1,394 to serve 150 severe cancer patients.

Conclusions. After analyzing this article, it can be concluded that, despite the considerable attention to palliative care in Kazakhstan, the issue of its physical accessibility is still very relevant.

Keywords: oncology, mortality, morbidity, early diagnosis, radical treatment.

For citation: Maulenov ZhO, Zhantaev ME, Akimbekov NS. Comparative dynamics of oncopathology among the population of Shymkent for 2019-2023 and ways to improve medical care. *Meditsina (Almaty) = Medicine (Almaty)*. 2023;4(236):8-12. (In Russ.). doi: 10.31082/1728-452X-2023-236-4-8-12

Кіріспе. Статистикалық мәліметтерді сараласақ дүние жүзі бойынша онкологиялық аурулардың жыл өткен сайын жиілеп жатқандығын көреміз. Осы ауру салдарынан өлім жиілігі де травматология мен жүрек қантамыр ауруларынан кейінгі үшінші орында. Онкологиялық аурулар санының жиілеу себебі көп факторларға (сыртқы, ішкі) байланысты. Оның негізгілерінің бірі халық жасының ұзаруы, экологиялық зардаптар салдары, қоршаған ортада канцерогенді заттардың артуы, адамдар арасындағы созылмалы аурулардың көбеюі, т.с.с.

Онкологиялық аурулар салдарынан өлім деңгейін төмендетудің тиімді тәсілдерінің бірі ол ісікті ерте анықтау. Дүниежүзілік ісіктік ауруларды есептеу бөлімінің мәліметі бойынша ісігі бастапқы даму сатысында анықталған науқастардың 5 жылдық өмір сүру жиілігі 85-90% болса, кейінгі III IV сатыларында анықталған ісіктерде 14-15% аспайды екен.

Мәселе бойынша, халықаралық ғылыми берілімдердің электронды базасын негізге ала отырып, Ресей ғалы-

мы Левшин В.Ф. онкологиялық аурулардың біріншілік алдын алуда тұрғындардың жаппай диспансеризациясының маңызы зор екендігін айтқан [1].

Скрининг тәсілдерді жүргізгенде тұрғындардың аймақтық, мемлекеттік, діни көзқарастары мен бұқаралық сауаттылығын, әлеуметтік экономикалық деңгейі мен демографиялық ерекшеліктерін де ескеру керектігі айтылған [2].

Заманауи көзқарас бойынша онкологиялық ауруларға, оны ота алдылық химиотерапиядан бастаудың тиімділігі, соңғы нәтижесінің, әсіресе оның бастапқы сатыларында біршама жақсы болатындығы да ғылымда белгілі [3].

Жалпы осы ауру салдарынан өлетіндердің 70% жуығы медициналық қызмет деңгейі төмен, дамушы елдер үлесінде екендігі белгілі [4].

Қазақстанда да онкологиялық аурулар салдарынан өлім-жітім жиілігі жоғары деңгейде [5, 6].

Келесі авторлар қатерлі ісік ауруы салдарынан өлу деңгейін азайтудың негізгі жолы ретінде аурулардың

реабилитациясы мен оларға психологиялық көмек көрсету мәселесін дұрыс жолға қою екендігін алға тартады [7].

Өзектілігі. Ерте анықталып, дер кезінде радикалды ем тағайындалған науқастарда толық айығып кету, өмір сүру саны мен сапасын арттыру мүмкіншілігі көп екендігін ескере келе, ҚР-да онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте анықтау мақсатында скринингтік тексеру жүйесі жұмыс жасайды. Сонда да кейде бұл жүйенің толық жұмыс істемей, ісіктердің даму сатысы өтіп, асқынған жағдайда алғаш рет дәрігерге қаралып жатқан науқастарды көру сирек болса да кездесіп жатады.

Мақсаты – Шымкент қаласы бойынша онкологиялық статистикалық берілімдерді (негізгі нозологиялық бірліктер бойынша аурушандық, өлім деңгейі, 5 жылдық өмір сүру т.с.с.) негізге ала отырып, ісікті ерте анықтау, профилактикалық іс-шаралар мен реабилитация жұмыстарын жүйелі жолға қою.

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Шымкент қаласы тұрғындарына онкологиялық көмек 231 төсек орындық «Қалалық онкологиялық орталық» арқылы көрсетіледі. Стационарлық төсек орындар (30 хирургиялық, 50 химиотерапевтік, 25 маммологиялық, 46 радиологиялық, 35 радиогинекологиялық, 25 паллиативті көмек, 20 онкогематологиялық) және 30 төсек орындық күндізгі стационар. Сонымен қатар халыққа, орталық құрамындағы емхана мен паталого-анатомиялық, клиникалық зертханалар қызмет етеді. Емханада профильдік салалар бойынша хирургиялық, маммологиялық, скрининг орталығы, эндоскопиялық бөлім, ультрадыбыстық диагностика кабинеті, компьютерлік томография кабинеті, статистикалық бөлім, мұрағат және скринингтік маммографиялық суреттерді сақтайтын қойма жұмыс істейді. Емханада профильдік салалар бойынша хирургиялық, маммологиялық, скрининг орталығы, эндоскопиялық бөлім, ультрадыбыстық диагностика кабинеті, компьютерлік томография кабинеті, статистикалық бө-

лім, мұрағат және скринингтік маммографиялық суреттерді сақтайтын қойма жұмыс істейді. Онкологиялық орталыққа тексерілуге, ем қабылдауға келген пациенттер ҚР денсаулық сақтау министрінің 2021 ж. 12 қарашадағы №112 бұйрығы негізінде тиісті көмек алады. Емханада құрамында онкохирург, химиотерапевт, радиолог, маммолог, гематолог, эндоскопиялық кабинет, емхана меңгерушісі бар мультидисциплинарлық топ (МДТ) жұмыс істейді. Бұл топқа орталықтың емдеу ісі бойынша директор орынбасары жетекшілік етеді. Онда пациенттердің тексерілу, ем қабылдау, қадағалану жоспары түзіліп, ұсыныстар беріледі.

Қалалық онкологиялық орталық дәрігерлері талапқа сай ҚР ғылыми зерттеу институттарында, жақын және алыс шет ел онкологиялық орталықтарында білімін жетілдіреді.

Онкологиялық орталықтың статистикалық мәліметтеріне назар аударсақ:

Диспансерлік бақылауда 2020 ж. 6584 науқас тіркелсе, 2021 жылы ол 7195 артып, 2023 жылдың 9 айында 7640-қа жеткен. Берілім әлемдік үрдіске сай, артып отырғанын көреміз. Берілімді 100 мың тұрғынға шаққанда 2020 ж. 106,2, (2019 ж. – 126,4 болған көрсеткіш азаюы коронавирус инфекциясының қалада өршуіне байланысты деп түсіндіруге болады) болса, 2021 жылы көрсеткіш 100 мың тұрғынға шаққанда 123,0-ке артқан, келесі 2022 ж. көрсеткіш 112,4-ке біршама кемісе, келесі 2023 ж. 9 айында 127,0 күрт артып отыр.

Жалпы онкологиялық аурулар салдарынан өлім жиілігі; 2019 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда өлім деңгейі 59,8 адам көрсетсе, 2019 ж. ол 52,9 адамға, 2021 ж. 49,1 адамға кемісе, 2022 ж. 49,7-ге аздап артқан, ал 2023 жылдың 9 айында 47,3-ке кеміп отыр.

Қала бойынша жиі кездесетін нозологиялық бірліктер бойынша 2022 жылғы 9 ай мен тиісінше 2023 жылдың 9 айындағы салыстырмалы көрсеткішін кесте түрінде берсек.

1-кесте. Шымкент қаласы бойынша 2022-2023 жылдардың 9 айындағы құрылымдық аурушандық көрсеткіші

№	Ісіктің орналасуы	9 ай. 2022 ж.		9 ай. 2023 ж.		Жалпы өсім көрсеткіші, 9,9%
		абс.	%	абс.	%	
		анықталғаны – 1015 (115,5)		анықталғаны – 1144 (127,0)		
1	Сүт безі	126	12,4	161	14,0	11,4
2	Колоректальды обыр	88	8,6	97	8,4	-2,4
3	Өкпе обыры	82	8,0	95	8,3	3,6
4	Асқазан ісіктері	73	7,2	82	7,1	-1,4
5	Жатыр мойны рагы	84	8,2	77	6,7	-22,4

Келесі кестеде онкологиялық аурулар салдарынан өлім көрсеткіші жоғары 5 нозологиялық бірліктің салыстырмалы 2 жылдағы (2022-2023 жж. 9 айы) берілімдері көрсетілген.

Кесте-2. Шымкент қаласы бойынша қатерлі ісік салдарынан 2022-2023 жж. 9 айындағы өлім көрсеткіші

№	Оқшаулануы	9 ай. 2022 ж.		9 ай. 2023 ж.		Жалпы өсім көрсеткіші, 2,5%
		абс.	%	абс.	%	
		өлгендердің жалпы саны – 426 (48,5)		өлгендердің жалпы саны – 426 (47,3)		
1	Өкпе рагы	57	13,7	64	15,0	8,7
2	Асқазан обыры	45	10,5	59	13,8	23,9
3	Колоректальды	44	10,3	44	10,3	0,0
4	Сүт безі обыры	35	8,2	38	8,9	7,9
5	Ұйқы безі обыры	22	5,1	23	5,3	3,8

Ауру жиілігі бойынша берілімде әлемдік рейтингке сай ең жиі кездесетін сүт безі обыры, екінші орында колоректальды обырлар, үшінші орынды өкпе обыры иеленсе, 4 және 5 орында тиісінше асқазан ісігі мен жатыр мойны обыры орналасқан. Кестеде кейбір нозологиялық бірліктердің (колоректаль, асқазан және жатыр мойны) ісіктері салыстырмалы түрде біршама азайғанымен, жалпы аурушандықтың абсолютті көрсеткішінің 9,9% артқанын көруге болады. Ол қала бойынша қатерлі ісік жиілігінің біршама артқанының дәлелі.

Келесі онкологиялық аурудан өлім деңгейі көрсетілген кестеге назар аударсақ; онда колоректальды обырдан басқа ісіктің барлық түрі бойынша өлім деңгейінің жаппай артуына куә боламыз. Салыстырмалы 9 айда жалпы өлім деңгейі 2,5% артып отыр.

Онкологиялық науқастардың 5 жылдық өміршеңдігі мен өлім деңгейі көрсеткіші ісіктің ерте анықталуы деңгейіне тікелей байланысты (тәуелді) екендігін ескерсек, осы бағытта біршама жұмыстар атқарылуы керектігі белгілі болады. Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және арнайы көмектің сапасы мен тиімділігін арттыру бағытында ҚР үкіметінің 2018 ж. 19 маусымда қабылданған №395 қаулысы негізінде, Денсаулық сақтау министрінің 2018 ж. 13 қыркүйегінде бекіткен №539 бұйрығы бойынша кешенді жоспар түзіліп жарияланды. Шымкент қалалық онкологиялық орталығы қызметкерлері онкологиялық ауруларды ерте анықтау мен оны сапалы емдеу, дұрыс реабилитациялау ісін осы кешенді жоспарды негізге ала отырып атқаруда.

Онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында осы ауруға күмәнді тұрғындардың барлығы МӨМС бағдарламасы негізінде тегін компьютерлік томография, магнитті-резонансты томографиялық зерттеулерден өте алады. Ол үшін тұрғылықты жеріндегі аймақтық онкологтың немесе онко орталықтың дәрігерінің жолдамасы болса жеткілікті.

Осы бағытта Қалалық онкологиялық орталықтың материалдық-техникалық базасы да күшейтілуде. Орталықта осы кезде УДЗ орталығы, КТ, ПЭТ КТ, сонымен қатар «Varion» сызықтық үдеткіші, «Philips» биопланды ангиограф халыққа үздіксіз қызмет етуде.

Қала бойынша халыққа онкологиялық қызмет сапасын оңтайландыру мақсатында мобильді бригада қызметі көрсетіледі. Оның құрамында дәрігер онколог, ортабуынды мед қызметкер, психолог және әлеуметтік сала қызметкері жұмыс жасайды. Қала бойынша 19 мобильді топ жұмыс атқаруда. Негізгі атқарылатын жұмысы – ауыр науқастарға паллиативті, психологиялық көмек көрсету. Аталған топ қызметкерлерімен 2019 жылы 275 пациентке үйінде көмек көрсетілді, жалпы шығу саны 4351 рет. 2020 жылы мобильді топ көмегіне 290 науқас жүгінсе оларға 2658 рет онкологиялық көмек көрсетілсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш 213 науқас болып, оларға 2119 рет шығып, көмек көрсетілген. 2022 жылы да 190 науқасқа 2119 рет көмек берілген. Үстіміздегі

2023 жылдың 9 айында 150 науқасқа 1876 рет шығып тиісті онкологиялық көмек көрсетілген. Жұмыс жалғасын табуда.

Онкологиялық көмек тиімділігін арттырудың келесі бір жолы ол әр сала мамандарының үйлесімді қызметі. Онкологиялық орталықта науқасқа диагноз қоюда, емдеу тактикасын шешу, ем жүргізу, одан кейінгі кезеңнің жай-күйін анықтауда салааралық жұмыс тобы құрылған. Ол топқа білікті маман онколог, хирург, радиолог диагносттар мен сәулелік терапевттер, нейрохирургтар кірген. Осы топтың үйлесімді қызметтері де онкологиялық аурулардың ерте анықталуына, дұрыс емделіп, қатарға қосылып кетуіне көп септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Берілімдер әлемдегі үрдіске сай Шымкент қаласында да онкологиялық аурулардың жаппай жиілеп келе жатқандығын көрсетеді. Шымкент қалалық онкологиялық орталық қызметкерлері онкологиялық ауруларды ерте анықтау, емдеу және реабилитациялау сапасын арттыру мақсатында, халықаралық хаттамаларға сай, кешенді жұмыстар атқаруда.

Мобильді бригада да ҚР науқастарға паллиативті көмек көрсету стандарттарын негіздейтін 209 бұйрыққа сай онкологиялық науқастарға паллиативті көмек көрсетуде.

Ұсыныстар

Онкологиялық ауруларды ерте анықтау және толыққанды емдеу бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды жалғастыра беру. Біріншілік медициналық көмек көрсету (емханалардағы онкологиялық кабинеттер, мамнологиялық көмек) салалық медициналық қызметкерлердің онкологиялық сезімталдығын (онконастороженность) арттыру бағытында, бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалана отырып, онкологиялық аурулардың алдын алу және оның ерте симптоматикасын жариялау арқылы ісіктерді ерте анықтау бағытында жұмыстарды күшейту.

Онкологиялық ғылыми зерттеу институт қызметкерлерімен, жергілікті денсаулық сақтау қызметі ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасау.

Зерттеу молдірлігі

Зерттеу демеушілік қолдау көрсетілген жоқ. Авторлар баспаға ұсынылған қолжазбаның түпкілікті версиясы үшін толық жауап береді.

Қаржылық және басқа да қатынастар туралы декларация

Барлық авторлар мақаланың тұжырымдамасын әзірлеуге және қолжазба жазуға қатысты. Қолжазбаның соңғы нұсқасын Барлық авторлар мақұлдады. Авторлар мақала үшін ақы алмады.

Мүдделер қайшылығы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Левшин В.Ф. Первичная профилактика рака молочной железы // Профилактическая медицина. 2021;24(11):117-125. doi: 10.17116/profmed202124111117
2. Дроздова Л.Ю., Иванова Е.С., Егоров В.А., Раковская Ю.С., Лищенко О.В. Выявление онкологической патологии в целевых группах взрослого населения // Профилактическая медицина. 2021;24(12):84-88. doi: 10.17116/profmed20212412184

REFERENCES

1. Levshin VF. Primary prevention of breast cancer. *Profilakticheskaya Meditsina = Preventive medicine*. 2021; 24(11):117-125. (In Russ.) doi: 10.17116/profmed202124111117
2. Drozdova LYu, Ivanova ES, Egorov VA, Rakovskaya YuS, Lishchenko OV. Detection of oncological pathology in target groups of adult population. *Profilakticheskaya Meditsina = Preventive medicine*. 2021;24(12):84-88. (In Russ.) doi: 10.17116/profmed20212412184

3. Антипова Т.В., Мельник М.В., Нечаева О.Б., Шикина И.Б., Вечорко В.И., Луцева Е.М. Оценка результативности медицинской помощи при онкологических заболеваниях // Социальные аспекты здоровья населения. 2016;1(47)

4. Макимбетов Э.К., Салихар Р.И., Туманбаев А.М., Токтаналиева А.Н., Керимов А.Д. Эпидемиология рака в мире // Современные проблемы науки и образования. 2020;2. doi. 10.17513/spno.29718

5. Rafiemanesh H, Mehtarpour M, Khani F, Hesami SM, Shamlou R, Towhidi F, Salehiniya H, Makhsosi BR, Moini A. Epidemiology, incidence and mortality of lung cancer and their relationship with the development index in the world // J Thorac Dis. 2016 Jun;8(6):1094-102. doi: 10.21037/jtd.2016.03.91. Erratum in: J Thorac Dis. 2019 Feb;11(2):E24. PMID: 27293825; PMCID: PMC488602

6. ВОЗ. Рак. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/cancer>. 30.05.2019

7. Кайдарова Д.Р., Чингисова Ж.К. и др. Показатели онкологической службы Республики Казахстан. Статистические материалы. Алматы, 2018. С. 95-162

3. Antipova TV, Melnik MV, Nechaeva OB, Shikina IB, Vechorko VI, Lutseva EM. Evaluation of the effectiveness of medical care in oncological diseases. *Sotsialnye aspekty zdorovia naseleniia = Social aspects of public health*. 2016;1(47). (In Russ.)

4. Makimbetov EK, Salikhar RI, Tumanbayev AM, Toktanalieva AN, Kerimov AD. Epidemiology of cancer in the world. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia = Modern problems of science and education*. 2020;2. (In Russ.). doi. 10.17513/spno.29718

5. Rafiemanesh H, Mehtarpour M, Khani F, Hesami SM, Shamlou R, Towhidi F, Salehiniya H, Makhsosi BR, Moini A. Epidemiology, incidence and mortality of lung cancer and their relationship with the development index in the world. *J Thorac Dis*. 2016 Jun;8(6):1094-102. doi: 10.21037/jtd.2016.03.91. Erratum in: *J Thorac Dis*. 2019 Feb;11(2):E24. PMID: 27293825; PMCID: PMC4886020

6. WHO. Cancer. Available from: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/cancer>. 30.05.2019

7. Kaidarova DR, Chingisova ZhK, et al. *Pokazateli onkologicheskoi sluzhby Respubliki Kazakhstan. Statisticheskie materialy*. [Indicators of the oncological service of the Republic of Kazakhstan. Statistical materials]. Almaty, 2018. P. 95-162

Авторлар туралы мәліметтер:

Мәуленов Жаксылық Оразбайұлы, медицина ғылымдарының магистрі, жоғары санаттағы онколог-дәрігер, Қалалық онкология орталығының директоры, Шымкент қ., e-mail: jah_mail@mail.ru,

Жантеев Мұрат Ендібайұлы, медицина ғылымдары кандидаты, күндізгі стационарының дәрігер онкологы, Қалалық онкологиялық орталық, Шымкент қ., e-mail: zhanteev1963@mail.ru,

Акимбеков Нурсултан Сеілбекович, статистика бөлімі меңгерушісі, Қалалық онкологиялық орталық, Шымкент қ., e-mail: ansk91@inbox.ru